Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

4 қазан сейсенбі
№79 (1883)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

КӨКЕЙТЕСТІ

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ БАР МА?

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға арналған «Бизнестің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы бар. Соның аясында жеке кәсіп ашқысы келетін жастарға да, кәсіп аясын кеңейтемін деген кәсіпкерлерге де түрлі мүмкіндік қарастырған.

Биыл өңірде кәсіпкерлікті қолдау мақсатында 19,9 млрд теңгеге 373 жобаны қаржыландырды. Атап айтсақ, «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде 5,2 млрд теңге бөлініп, 171 жоба субсидияланған. Ал ауыл кәсіпкерлеріне несие беруде «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 1,2 млрд теңге қаражат қаралса, оның 360,7 млн теңгесіне 64 жоба қаржыландырылған. Сондай-ақ Аграрлық несие корпорациясы 4,5 млрд теңгенің 138 жобасын мақұлдаған.

Мамандар осындай қолдау шараларының арқасында аймақта шағын және орта бизнестің дамуы қарқын алғанын айтады. Бүгінде облыстағы шағын және орта кәсіпкерлік нысаны 5,3 процент, жұмыс істеп тұрғаны 7,9 процент ұлғайған. Бұл көрсеткішті жыл соңына дейін 20 процентке жеткізу көзделуде.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, өңірде жыл басында 56976 кәсіпкерлік нысан тіркелген екен. Оның 51063-і нәтижелі жұмыс істейді. Ал жалпы алғанда облыстағы жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік нысандардың үлесі 89,6 процентті құрайды.

Бұған дейін «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек», «Бизнестің жол картасы – 2025», «Қарапайым заттар экономикасы» мемлекеттік бағдарламасы арқылы қаржыландырған жобалар болды. Мәселен, «Еңбек» бағдарламасымен шағын несие беруге өткен жылы 3 млн 760 мың теңге бөлінген. Оның 2 млн 731 мың теңгесі ауылдықтарға, қалалықтарға 1 млннан аса қаржысы қаралған. Осылайша 2021 жылы 836 кәсіпкер шағын несиеге қол жеткізген. «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында былтыр 4 млн 173 мың теңге бөлінген. «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы 3 млн 760 мың теңгеге 204 жобаны қолдаған. Жалпы алғанда өткен жылы 30,9 млрд теңге қаржыға шағын және орта бизнес өкілдерінің 2048 жобасы субсидияланған. 6,1 млрд теңге несие сомасына 1023 жоба кепілдендірілсе, мемлекеттік гранттар негізінде 248,7 млн теңгеге 68 жобаға үлестірілген.

Өткен жылы аймақта 56867 шағын және орта кәсіпкерлік нысан болса, оның 50 мыңнан астамы ғана тұрақты жұмыс істеген. Бұл көрсеткіш процентке шаққанда 88,9-ды құраған. Кәсіпкерлік нысандардың жаңадан ашылуы, тұрақты жұмыс істеуі нәтижесінде 100 мыңнан аса адам жұмыспен қамтылса, бірінші жартыжылдықта 173,3 млрд теңгенің өнімі өндірілген.

Мемлекеттік бағдарламалар игілігін көріп жатқан кәсіпкерлердің жыл санап артқанын байқауға болады. Мәселен, 2021 жылдың басында аймақта шағын және орта кәсіпкерлік нысан 54 мыңның үстінде болса, оның 49 мыңға жуығы нәтижелі жұмыс істеген. Бұл көрсеткіш қазан айында 56 мыңнан асып, кәсібін тұрақтандырғандар саны 50 мыңнан асқан.

2 БЕТТЕ

Мағжанның «Педагогикасы» және ұлт тәрбиесі

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.

Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

Мағжан Жұмабаев



Ғалым оқулықты он төрт ірі бөлімге құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды. Бұл оқулықтың басты мақсаты – ақыл, мінез-құлық, сұлулық, дене тәрбиесін жеке-жеке бөліп қарастырды. Қазіргі кезде «Педагогика» ата-аналарға, мұғалімдерге, студенттер мен оқушылар үшін аса бағалы еңбекке айналды.

3 БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

АВТОБУСТАР КӨБЕЙДІ

Қаламызда қоғамдық көлік мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Себебі сала қызметі көңіл көншітпейді. Әсіресе дәл осы уақытта халық әбігерге түсіп жүр. Күн салқындаса, тіптен қиын.

Қоғамдық көлік мәселесін шешу және халық сұранысына сай қызмет сапасын арттыру мақсатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда Автобус паркіне» қосымша үлкен сыйымдылықтағы заманауи автобустар алу жөнінде тапсырма берген еді.

«Қызылорда Автобус паркі» ЖШС жарғылық капиталын ұлғайту мақсатында «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы лизингке 150 автобус алуды көздеген. Соның нәтижесінде қаламыздағы қоғамдық көлік қатары жаңа автобустармен толықты.

Бүгінде алғашқы легі қалаға келді. Жаңадан алынған 15 көлік №18 бағытқа қосылды. Ал №18 бағыттағы ескі автобустар №1 бағытта қызмет көрсетуде.

А.АЙТЖАН

ДЕНСАУЛЫҚ

Тұмаудан сақтанайық!



Тұмау – күн райының өзгерісіне қарай пайда болатын ауру түрі. Дәл қазіргі уақытта ЖРВИ өршіп тұр. Әсіресе балалар арасында.

Облыстық эпидемиологиялық-санитарлық бақылау басқармасының баспасөз қызметінің мәліметінше, 2021-2022 жылғы эпидмаусымда облыс көлемінде жедел респираторлы вирусты инфекцияның 23550 жағдайы тіркелген. Ал 100 мың халыққа шаққандағы аурушаңдық көрсеткіші 2863,9 құрайды. Бұл 2020-2021 жылдардағы эпидмаусыммен салыстырғанда 51% жоғары. Ауруға шалдыққандардың 67,1%-і 14 жасқа дейінгі балалардың үлесінде. Жалпы өткен жылы ЖРВИ-ден 15 760 дерегі есепке алынды.

4 БЕТТЕ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ ЖАҚЫН: ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Күз келді дегенше жылу берді десейші... 15 қазаннан жылу беру маусымы басталады. Осыған жауапты мамандар жұмыстарын пысықтауға кіріскені анық. Жылу беру мәселесі биыл Үкімет деңгейінде де көтерілді.

Күн суытса көмір сатып алушылар біраз қиындыққа тап болатыны рас. Ұзынсонар кезектен бөлек кей азаматтарда көмір алуда қаржылай қиындықтар туындайтыны жасырын емес. Дүйсенбіде Үкімет үйі осы мәселені оңтайлы шешу жолын қарастырды.

Қазақстан үкіметі көмірді халыққа маркетплейстер мен банк қосымшалары арқылы сату жолдарын қарастыруда. Бүгінде мұндай тәсілді Қазақстандағы ірі банктердің бірі Қостанай облысында пилоттық жобаны іске қосқан. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов бұл көмір сатылатын орындарда кезекті азайтуға мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Бұл тұтынушыларға қолайлы, өте жақсы цифрлық шешім. Үйден шықпай-ақ көмірге тапсырыс беруге болады. Жергілікті жерлерде тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, – деді Премьер-Министр.

Үкімет үйіндегі селекторлық отырысқа облыс әкімдері де онлайн режимде қатысты. Жиыннан кейін аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет тапсырмаларын орындау бағытында негізді басымдықтарға мән беріп, жұмысты ширату қажет екенін алға тартты. Облыс әкімі жылуға дайындық және көмір жеткізу мәселесін арнайы қарады.

– Барлық әлеуметтік нысандарға қажетті отын қорында проблема туындамауы керек. Әсіресе аудандарда тапшылық орын алып, халық кезек күтіп, ажиотаж болмауын бақылауға алу қажет. Мектептерде, ауруханаларда, халыққа қызмет көрсету орындарында, мәдениет және спорт мекемелерінде үзіліссіз жылу берілуі тиіс. Бұл бағытта әр ауданның ұйымдастыру жұмыстары мұқият қаралады, – деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Жалпы қалада жылу маусымына дайындық жұмыстары қыркүйек айынан бастап жоспарлы түрде жүргізілуде. Қала әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, Қызылорда қаласының жылу желілерінде 16 кгс/см2 дейінгі қысыммен магистральдық және 12 кгс/см2 ауданаралық жылу құбырларының тығыздығына гидравликалық сынақ өткізілуде. Сынақ 2022-2023 жылдағы жылу маусымының басталуына байланысты және ҚР Энергетика министрінің 30 наурыз 2015 жылы №247 бұйрығымен бекітілген «Электр станциялары мен желілерін техникалық пайдалану» қағидасының №623 тармағына сәйкес өтіп жатыр.

5 қазанға дейін өтетін дайындық кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында сынақ жүргізу кезінде бөгде адамдарға магистральды құбырлардың жанында болуға қатаң тыйым салынады. Сондай-ақ қаланың жылу құбырларында апатты жағдайлардың туындауының алғы шарттарын болдырмау мақсатында кондоминиумның барлық басқару органдары және жылу энергиясының басқа да тұтынушылары жылытудың, ішкі жылу желілерінің сыртқы жылу желілерінен ажыратылуы тиіс.

Қазіргі кезде қатты отын сату мәселесі де қалада өз деңгейінде жүргізілуде. Шаһар тұрғындарын көмірмен қамтамасыз ету үшін жеке кәсіпкер «Қарымсақов» пен «KHAS COM» кәсіпкерлігі жұмыс істеп тұр. Біріншісі Екібастұздан келген тас көмірді сатса, екіншісі Шұбаркөл көмірін саудалауда.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Биыл қазақтың бұлбұлы атанған Роза Бағланованың туғанына – 100 жыл. ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін әншінің бір ғасырлық тойы аясында оның өмір жолы мен шығармашылығы кеңінен насихатталуда. Осыған орай Сыр өңірінде де керемет шаралар ұйымдастырылды.

ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында Роза Бағлановaның 100 жылдығына арналған «Қазақ деген халықтың еркесімін» атты «Қазақконцерт» өнерпаздарының концерттік бағдарламасы көрермен назарына ұсынылды.

Салтанатты шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов қатысып, облыс әкімінің құттықтауын жеткізді.

– Биыл қазақ өнерінің жарық жұлдызы, Халық қаһарманы, даңқты жерлесіміз Роза Бағланованың ғасырлық тойы кең ауқымда өтуде. Мәдени шаралар ЮНЕСКО деңгейінде ұйымдастырылды. Сол игілікті істің жалғасы әншінің туған топырағы – Сыр өңіріне де келіп жетті. Осы мақсатта жақында Роза Бағланованың есімі берілген «Қазақконцерт» ұжымы қызылордалық өнерсүйер халықпен жүздесуді жөн көрді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақтың бұлбұлы Роза Тәжібайқызының есімін халық жадында мәңгі қалдыру мақсатында ғасырлық тойын жоғары деңгейде өткізуді айрықша атаған еді. Ел Үкіметінің қаулысымен «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымына Роза Бағланованың есімі берілді. Бүгінде бұл ұйымда 400-ден астам өнер маманы шоғырланған.

Мерекелік концертте Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының директоры Актоты Райымқұлова халық әртісінің өнер жолындағы еңбектерін айтып өтті.

– Дала дарыны кезінде еліміздің Абай атындағы академиялық опера және балет театрында, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында еңбек етіп, 1960 жылдан бастап өмірінің соңына дейін «Қазаққоцерт» концерттік ұйымының солисі болды. Саналы ғұмырының сан жылын осы өнер ошағының атағын аспандатуға, ел мәдениетін өсіруге арнағаны ескеріліп, аталған ұйымға Роза Бағланованың есімінің берілуі заңдылық деп санаймыз, – деді Актоты Райымқұлова.

Гастрольдік сапар облыстың Қармақшы, Қазалы, Арал ауданы мен Байқоңыр қаласында жалғасын тапты.

Сонымен қатар Қазалы ауданында Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойы аясында республикалық ақындар айтысы өтті. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген ақындарды «Алтын домбыраның» 3 дүркін иегері Мұхтар Ниязов бастап барды. Аламанда қызылордалық айтыскер ақын Ержеңіс Әбдиев бас жүлдеге ие болды.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

МҰҒАЛІМ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНГЕН КҮН

Қазан айының алғашқы жексенбісі – мұғалімдер күні. Бұл күн – ұстаздар қауымы үшін ерекше күн. Ерекше мейрам. Яғни ұстаз еңбегінің еленетін шағы.

Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында ұстаздар мерекесіне орай салтанатты шара өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұстаздарды төл мерекесімен құттықтап, аймақ дамуына қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

– Біз әрдайым Отанымыздың адал әрі абзал азаматтарын, шынайы патриоттарын тәрбиелейтін, Әділетті Қазақстанның жаңа буынын білім бәйгесіне қосатын ұстаздар қауымын ерекше қадірлейміз.

Сәт сайын жаңарып, беталысы күнде өзгерген алмағайып дүниеде адамзат үшін ешқашан өзгермейтін құндылықтар бар. Ол – білім! Ол – еңбек! Бұл қос құндылықты да ұштастыра білген ұстаздардың қоғам алдындағы орны ерек, мәртебесі мерейлі! Мұғалімдерді әлеуметтік көтермелеу мәселесін назардан тыс қалдырмаймыз. Ел Президенті халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздарына бір реттік қаржылай сыйақы тағайындады. Балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырды.

Біз де өз тарапымыздан дарынды балаларды қолдау саясатын лайықты деңгейде жалғастыратын боламыз. Оқушы жүрегіне ізгілік дәнін сепкен ұлағатты, парасатты жандарды құттықтау – азаматтық және шәкірттік парызымыз, – деді облыс әкімі.

Мерекелік кеште алғаш рет саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұстаздар Төлепберген Қасымов пен Марк Подольскийге облыстың «Құрметті азаматы» атағы табысталды. Енді бұл үрдіс жыл сайын дәстүрге айналмақ.

Мерекелік шарада облыс әкімі жыл қорытындысы бойынша еңбегімен көзге түсіп, шәкіртімен білім бәсекесінде топ жарған 10 ұстазға 900 мың теңгенің қаржылай сертификаты табысталатынын жеткізді.

Ұстаздар қауымының ерен еңбегі қашанда өлшеусіз. Соның дәлелі ретінде Сыр елінің үлгілі ұстаздарына ҚР Оқу-ағарту министрлігі мен облыс әкімінің атынан марапат табысталды. Сондай-ақ облыс педагогтарына «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» құрметті атағы, «Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін жергілікті ерекшелік белгісі» мен облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаты табысталды. Ал Ұлттық бірыңғай тестілеу көрсеткіші бойынша республика көлемінде «Үздік 100 мектеп» қатарына енген және үздік білім беру ұйымдарының педагогтарына ноутбук сыйға берілді.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ҚАРЖЫНЫҢ НӘТИЖЕСІ БАР МА?

Жыл сайын мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттың көлемі ұлғаймаса кеміген емес. Оны жоғарыда көрсетілген қаржы сомасы мен мақұлданған жобалардан-ақ байқауға болады. Десе де көпшілік арасында «кәсіпті өз қаржыңмен бастамасаң, бағдарлама игілігін тек танысы барлар көреді» деген пікір бар. Жуырда «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасымен берілетін қайтарымсыз грантқа байқау жарияланды. Ресми мәлімет бойынша, оған 673 үміткер қатысып, 3 млрд теңгеден астам қаржыға өтінім берген. Алайда тек 26 жоба ғана мақұлданған. Осы төңірегінде де конкурсқа қатысушы кәсіпкерлер арасында түсініспеушілік орын алды. Әлеуметтік желідегі пікірлерден жобасы мақұлданбаған азаматтардың базынасын байқауға болады. Осы орайда облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы мынадай жауап берді: «Биыл кәсіп бастаушыларға 120 млн теңге көлемінде мемлекеттік грант бөлінді. Оның 70 млн теңгесі тек жастарға қаралған. Конкурстық іріктеу 31 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында өтті. Оған 673 кәсіпкер қатысты. Нәтижесінде 92 млн 667 мың теңгеге 26 жобаны қаржыландыру мақұлданды. Оның ішінде әлеуметтік осал топтағы кәсіпкерлердің 11 жобасы 29,6 млн теңгеге қаржыландырылды. Заң талабына сай грант беру конкурсын ұйымдастыру үшін облыс әкімдігімен арнайы комиссия құрылды. Комиссия құрамы қоғамдық бірлестіктер, білім және ғылым мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары, атқарушы билік органдары өкілдерінен және салалық сарапшылардан құралған» деп жауап жазған басқарманың фэйсбук әлеуметтік желідегі парақшасында.

Басқарма мамандарының айтуынша, комиссия өкілдері мемлекеттік грантты бизнес-идеяның жаңашылдығы мен бәсекеге қабілеттігі сынды талаптар негізінде бөлген.

Байқауға қатысушылар арасында түсініспеушілік тудырған мәселенің бірі – «Наубайхана» мен «Фитнес клуб» жобасының қабылдануы.

– Бизнес-идеяның жаңашылдығы заң жүзінде халықтың осал тобындағы және ІІІ топ мүгедектігі бар азаматтардан талап етілмейді. Қызылорда қаласы мен Қазалы ауданының Тасарық ауылында наубайхана ашу жобасының жетекшілері зейнет жасындағы және көпбалалы отбасы статусымен әлеуметтік осал топқа жатқызылды. Ал Қармақшы ауданы Жосалы кентінің жас кәсіпкері ұсынған «Фитнес клуб» жобасын қолдау себебі бұл жобамен кентте тек осы азаматтың тіркелгендігі ескерілді, – дейді Мұса Қалдарбеков облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқарма басшысы.

Осылайша комиссия шешімімен 26 жоба қабылданып, оған 92 млн 667 мың теңге бөлінген.

Мемлекеттік бағдарлама аясында байқауға қатысқандардың бірі – Жансая Мирамбекқызы. Ол Қорқыт ата атындағы университеттің 4 курс студенті, болашақ биолог маман. Жансая Мирамбекқызының анасы Ақерке Тәжекеева да агроном. 10 жылға жуық аталған оқу орнының жылыжайында жұмыс істеген. Қазіргі таңда отбасымен Болашақ университетінің 8 жылыжайынан өнім өндіріп отырған жайы бар. Жансая алдағы уақытта өңірге лимонды жерсіндірсем дейді. Өнім алып, цитрустық жеміспен аймақты қамтуды көздейді.

– Ата-анамның 25 жылдан аса жылыжай саласында тәжірибесі бар. Қазіргі танда Болашақ университетінде лимон өсірудеміз. Лимонды жерсіндіргенімізге 3 жыл болды, бүгінде түйнектеуде. Қызылорда бойынша лимон, құлпынай, гранат, маракуйя өсіруден авторлық құқығымыз бар. Қорқыт ата университетінде биология мамандығында 4 курс оқимын. Әрі «Болашақ» университетінің жылыжайында жұмыс істеймін. Осы саланы әрі қарай дамытсам деймін. Үй алдында жылыжайымыз бар. Грант қаржысына сол жерге лимон ағаштары мен құлпынай көшетін егемін. Жалпы лимон өндірісі көрші Өзбекстанда жақсы дамыған. Осыны бізде де қолға алсақ деймін. Алайда аймақтың ауа-райы цитрустық жемістерге қолайсыз. Сондықтан жылыжайда өсіріп баптаймыз. Байқауда бұл кәсіпті бастауға 2 млн 700 мың теңге берілді, – дейді жоба жеңімпазы.

Байқауда жобаның жаңашылдығы, бәсекеге қабілеттігі сынды талаптар бар. Сондай-ақ арнайы санаттағы қатысушыларға жеңілдік те қарастырылған. Мәселен, көпбалалы ана, қала тұрғыны Жансая Елубайқызы байқауға инновациялық жобамен келгенін айтады. Бірақ көпбалалы санатына сәйкес одан жаңалық талап етілмейді. Жобасы мақұлданбаған ол байқаудан кемшіліктер байқалғанын жасырмайды.

– Биыл кәсіп бастаушылар арасында сұраныс өте көптігі байқалды. Өзге облыстарға қарағанда байқауға қатысуға қызылордалықтар көп өтінім берген. Алайда мемлекеттен бөлінген қаржыны аз дер едім. 600-ден аса азамат түрлі жобамен байқауға қатысса оның тек 20-дан астамы ғана мақұлданады. Сондықтан мұндай байқауды жылына екі рет өткізсе екен. Тағы бір айта кетер жайт, арнайы құрылған комиссия тарапынан бізге жобаны қорғауға аз уақыт берілді. Сол себепті жобаны толықтай қорғауға мүмкіндік болмады, – дейді Жансая Жүнісова.

Қалай десек те байқауда бас-аяғы 26 жоба мақұлданды. Ендігі мәселе – осы жобалардың нәтижелі жұмыс істеуі. Оны уақыт көрсетеді.

Айдана СЕЙІЛ

Басы 1-бетте

АҒАРТУ САЛАСЫНЫҢ САРДАРЫ

Бұрын үлкен кісілердің «Өмір – деген зулап ұшқан құстай» деп айтқандарын талай естідік. Бала кезімізде оның мәнмағынасы мен астарына ден қоймадық. Оның сырын осы жасамыс жасқа жеткенде ғана барып ұқтық. Осы өмірдің ішінде шаттық та, өкініш те, реніш те, күрес те, тірес те, жақсылық та, жамандық та, қасірет те, қайғы да, қуаныш та, қысқасын айтқанда, бәрі бар. Өйткені ол – өмір заңдылығы. Осы өмірде өзіндік адами жүрісінен еш жаңылмаған ағалардың бірегейі ұлағатты ұстаз, 40 жылға жуық мектеп директоры қызметін атқарған Ерденбек Мұқанов деген азамат жайында қалам тербегенді жөн көрдік.

Ерденбек аға жуырда сексеннің сеңгіріне толды. Сексенге келсе де сыр бермеген серке жасымен құттықтадық. Болмысы бөлек, тумысы еректігі болар, әлі тың екенін көріп қуанып қалдық. Пейілі даладай дархан, көңілі көктемдей жайсаң, кеудесі – күмбір қаққан қобыздай шежіреге тұнып тұр. Өмірі өнегеге толы. Ерденбек аға білім саласының нағыз тарланбозы десек болады. Өйткені ол кісі 40 жылға жуық мектеп директорлығын абыроймен атқарған білімді, білікті жан. Ол абырой оңайлықпен келмеген. Өзінің іскерлігімен, біліктілігімен, білімділігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен және еңбекқорлығымен жетістікке жетті.

Сәбилік кезеңі сонау Ұлы Отан соғысының шарпыған жалынымен тұспа-тұс келіп, соғыстың кесіренен балдәурен балалық шағын дұрыстап та өткізе алмаған. Ерденбек аға Сұлутөбе ауылдық округіне қарасты 1 Мамыр елді мекенінде 1942 жылы дүниеге келген. Сол ауылдың іргесіндегі Бірлестік ауылындағы жетіжылдық мектептің 1 сыныбының табалдырығын аттады. Мектепте оқып жүргенде өте зеректігімен, алғырлығымен сыныптастарының алды болды. Жетіжылдықты 1956 жылы жақсы үлгіріммен аяқтап, сол жылдың күзінде Қызылорда қаласындағы №171 Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектепке келіп оқуын жалғастырады. Он жылдықты 1959 жылы бітірісімен Тартоғай шаруашылығында есеп-қисап бөлімінде еңбек жолын бастайды.

1961 жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне оқуға түседі. Оқып жүргенде екі жылдан соң 1963-1966 жылдары Совет армиясы қатарына алынып, міндетті борышын аман-есен өтеп келеді. Әскерден келісімен сырттай оқуға ауысып, өзі алғаш еңбек еткен Тартоғай ауылындағы №153 орта мектебіне мұғалім болып орналасып, ұстаздық жолын бастайды. Тынымсыз еңбегімен, ізденімпаздығымен көзге түскен оны аудандық оқу бөлімінің басшылығы 1970 жылы осы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары етіп тағайындайды. Сеніп тапсырған жұмысқа жастық жалынмен, жігермен құлшына кірісті. Сөйтіп, оқушылар арасындағы үлгірім мен тәртіп арта түседі. Асқан шыдамдылықпен қиын балалармен жұмыс жасап, оларды жақсы оқуға тартып, ортақ тіл табыса біледі. Мектеп ауласының таза тұруын қадағалап, оқушыларды ерікті еңбекке баулып, оларды Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне қол көмек көрсетуді ұтымды ұйымдастыра білді. Оқушыларды туған жерді, Отанын сүюге тәрбиеледі. Осылай бір жылдың ішінде ауқымды іс тындырғанын аудандық білім бөлімі зерделей келе іскерлігін байқап, 1971 жылдың тамыз айында Ерденбек Бектайұлын №154 сегізжылдық орталау мектепке директор етіп жібереді.

Басшы ретінде сегізжылдық мектептің оқу сапасын арттыруды қолға алады. Аудандық оқу бөлімінің басшылығына тікелей шығып, оқулықтар және көрнекі құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жағын алға қояды. Оқушыларға кітап жетіспеушілігін жойып, оқу көрнекі құралдарымен әр пән кабинеттерін жаңа үлгіде жасақтала бастайды. Жаңадан келген жас басшының серпінді ықпалымен мұғалімдер де жұмыстарына жоғары көңіл күймен кіріседі. 1971-72 жылдың оқу жылы аяқталған соң, аудандық оқу бөлімінің жылдық қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының үлгірімі артып, алдыңғы қатарға көтеріледі.

Осындай серпінді ісімен көзге түскен Ерденбек Мұқановтың іскерлігіне риза болған аудандық оқу бөлімінің басшылығы 1979 жылдың қазан айында Майлытоғай ауылдық округіне қарасты №141 орта мектепке директор етіп тағайындайды. Жас болса да бір мектепті басқарып тәжірибе жинақтап қалса да, директорлықтың жүгі бұрынғыдан да ауырлай түскендей. Өйткені сегізжылдыққа қарағанда, онжылдықтың ауқымы үлкен, директорға қойылар талап та жоғары екенін ұғынды. Алда атқарар міндеттер мен жасалар шаруа жетерлік. Бұрынғыдан да екі есе тынбай жұмыс істеуге тура келеді. Сапалы білім беру мен оқушылардың үлгіріміне баса назар аударды. Мектептің оқу базасын нығайта түсуге барынша күш салды. Он жылдық мектептің жұмысын жолға қоя білді. Уақыт өте келе оқуды еңбекпен ұштастыру бағдарламасы еніп, бұл бағытта қыруар жұмыстар атқарды. Жыл озған сайын оқу процесі де жаңара түсті.

1987 жылы осы тынымсыз еңбектің нәтижелі ісін көзімен көрген сол кезеңдегі облыс басшысы Еркін Әуелбеков мектептің жай-күйін аралап көріп, оның ауласының мұнтаздай екенін байқап, оқушылардың үлгірімі мен ерікті еңбекке баулу бағытындағы директордың жұмыстарына риза болады. Сонда ол кісі қасындағыларға тапсырма бере тұрып: «Жарайсың, Ерденбек Бектайұлы! Осы бағытыңнан тайма! Мына жұмысыңды облыс аумағындағы мектептерге іс-тәжірибе ретінде таратамыз» деген еді. Кеңестер одағына есімі мәлім, айбатты да, азулы іскер басшы Еркін Әуелбековтың алдында еңбегін көрсете білу екінің бірінің қолынан келмесе керек. Бұл Ерденбек ағамыздың еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының, білімі мен біліктілігінің жемісі екендігі анық. Ақыры 1987 жылы аудан бойынша мектепте алғаш рет республикалық семинар өткізіліп, онда мектептің атқарған жұмысы барлық жағынан сараланып, семинар қорытындысы бойынша директордың атқарған ісіне жоғары беріледі. Осылай уақыт бір орында тұрмай алға жылжи берді. Білім ошағының жұмысы күн санап арта түспесе, бір сәт бәсеңсімейтіні белгілі. «Уақытты ұтымды пайдалана алатын, ұжымды ың-шыңсыз басқаратын, өзін де, өзгені де тәрбиелей алатын, алдымен өзгені тыңдай алатын, сосын өзін-өзі сыйлай алатын адам ғана жүйелі басқара алады» деген екен бір данагөй. Ендеше, Ерденбек ағамыз осындай ұстаныммен еңбек еткен жан.

1989 жылдың тамыз айында Сұлутөбе ауылдық округіне қарасты №41 Ломоносов атындағы орта мектепке қайтадан директор етіп тағайындайды. Көп ұзамай сол директорлықтан еңбек демалысына шықты. «Шиелі ауданының құрметті азаматы» атанды. Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған.

Зейнетке шығысымен Ерденбек аға қарап отырып қалмай баспасөз саласында еңбек етті. 2011 жылы облыстық «Табиғат тынысы» газетінде бас редактор болып 5 жыл қызмет атқарады. Содан соң 2015 жылы жаңадан ашылған «Жас қыран» газетіне бас редактор болып, ақпарат айдынында өз қолтаңбасын қалдырды. Денсаулығына байланысты 2016 жылы газеттегі редакторлық қызметін аяқтайды. Ақпарат саласында абыройлы қызмет атқарған Ерденбек Бектайұлы «Сыр медиа» ЖШС шығарған «Сыр журналистикасының тарихы» атты 5 томдық кітапқа есімі енген. Міне, Ер ағаның еңбегі елге үлгі, өмірі көпке өнеге, жүрген ізі тағылымға толы.

Өмірлік жары Үрләйім Сәдуақасова ұзақ жыл мектепте ұстаз болған, бүгінде зейнеткер. Ардагер ұстаз. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Екеуі үш ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірген. Олардың бәрі жоғары білімді. Әр салада басшылық қызметтер атқарады. Бәрі де үйлі-баранды. Олардан бірнеше немере сүйіп отыр.

Өзі басшылық жасаған мектептердің қабырғасынан кезінде талай дарынды шәкірттерді түлетіп ұшырды. Бүгінде олар егемен елдің әр өңірінде еңбек етіп жүр. Ерденбек ағаның алдынан кесіп өткен емес. Сексеннің сеңгіріне келген ұстаздарын естігендері келіп құттықтауда.

Ондайда Ерденбек аға айналасына масаттана қарай: «Ееее, сексен дегенің осал жас емес екен ғой. Көңіл баяғы қалпы болғанмен, өмір баяғыдай болмайды екен» деп жылы жымиып қояды.

Бізде ол кісіге бейнеттің зейнетін көріңіз демекпіз.

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ,
ҚР Ақпарат саласының үздігі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде азаматтарды жеке мәселелермен қабылдау күнделікті сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, үзіліс уақыты 13.00-ден 15.00-ге дейін және 8(7242) 27-02-59 сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, «Қызылорда қаласының Талсуат ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де 8 (7242) 21-71-07 сенім телефоны жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №814 Жарлығына Қосымша Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8(7242) 70-10-02 «Сенім телефоны» жұмыс істейтіндігін хабарлаймыз.

Мағжанның «Педагогикасы» және ұлт тәрбиесі

Ол өзінің қамшының сабындай қысқа ғұмырында нағыз поэзия биігіне самғап, оның асқар асуынан өлшеусіз нәр алған біртуар тұлға. Ең бастысы, тұңғыш педагогикалық оқулықтар жазып қалдырды. Оның 1922 жылы «Педагогика» атты оқулығы – педагогика және әдістеме ғылымдарына қосқан үлкен үлесі. Бұл ғылыми еңбегі он бес бөлімнен тұрады. Ғалым оқулықты он төрт ірі бөлімге құрып, әр бөлімінде педагогика ғылымын жан-жақты саралап, болашақ ұрпақ тәрбиесін беруде таптырмас көмекші құрал ретінде қалдырды. Бұл оқулықтың басты мақсаты – ақыл, мінез-құлық, сұлулық, дене тәрбиесін жеке-жеке бөліп қарастырды. Қазіргі кезде «Педагогика» ата-аналарға, мұғалімдерге, студенттер мен оқушылар үшін аса бағалы еңбекке айналды.

Ағартушы еңбегін төрт бағытта жүргізді. Атап айтсақ, оқу, жазуға үйрету, емлеге дағдылау, жазбаша сөзді өркендету, баланың ұғымына лайық ауызша және жазбаша әдебиет түрімен таныстыру. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәпіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы … Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын…» – деп Мағжан Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді.

Расында оның өзіндік сыры бар. Себебі өмір есігін енді ғана ашқан бала алдымен оқымайды. Оны тәрбиелейді. Сондықтан да «баланы жастан» деп қазақ тегін айтпаса керек. Оқу құралының бірінші бөлімі педагогиканың жалпы мәселесіне арналған. Оның пікірінше, тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Әрине, тәрбиенің бұдан басқа да түрі жетерлік. Алайда автор адам өміріне керектісін ғана айтқан.

Бұл оқулық Мағжан Жұмабаевтың көзі тірісінде екі рет жарық көрді. Алғаш рет 1922 жылы Орынборда, екіншісі 1923 жылы Ташкентте қайта басылды. Ал біздің қолымызға кітаптың ұзақ жылдардан соң үшінші рет 1992 жылы Алматы қаласында «Ана тілі» баспасынан жарық көрген соңғы нұсқасы тиді. Оқулықтың 1922 жылы 15 қыркүйекте алғаш басылуында автор алғысөз жазған.

– Бұл кітап 2-3 жыл бұрын қысқа уақыттық мұғалімдер курсында оқылған дәрістерден түзілген еді. Бұл күнге дейін басылып шығып, жарық көре алмады. Айып менікі емес. Бүлінген замандікі. Кітапты бір орыс кітабынан тура тәржіма деуге болмайды. Алдыма бір кітапты жайып қойып, бұрылмастан көшіре бергенім жоқ. Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше қазақ жанына қабыстыруға тырыстым. Бізде бұрын жасалған пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқандай қазақша сөз табу көп күшке тиеді. Қалайда, курстарда оқыған мұғалімдердің жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен шет сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиісті таппадым. Мен педагогика майданында бәйге алып жүрген жүйрік емеспін. Кітаптың құрылысында, тілінде, түрлі ат қоюда, хатта кітаптың жалпы негізінде көп кемшіліктер болуы мүмкін. Мұғалімдер тексеріп оқып, хата жерлерін көрсетсе, сансыз рақмет айтар едім, – дейді М.Жұмабаев.

Ерекше айта кету керек, 2020 жылы Ыстанбұл университеті Түрік тілі және әдебиеті кафедрасының оқытушысы Доцент Уғур Гүрсу Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» кітабын түрік тіліне аударды. «Қазақ тіліне деген қызығушылығы студенттік жылдарда басталған У.Гүрсу докторантура оқып жүргенде «Түрікше және қазақша мақал-мәтелдердің салыстырмалы анализі» атты диссертациясын қорғаған.

– Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» туындысының түрікшеге аударылмағанын байқап, аударма жұмыстарына кірістім. Осылайша толағай еңбектің жемісі – Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» атты оқу құралын оқырмандарға ұсындық. Оқу құралы педагогиканың жалпы мәселелеріне арналған. Сондай-ақ кітапта психология және логика салалары туралы да ақпарат берілген. Туындыда педагогика ілімі қазақ мәдениеті мен дәстүрлеріне сәйкес жазылған, – деп жазады У.Гүрсу.

Мағжан Жұмабаев оқулықта дене тәрбиесін бірінші орынға қойды. Атап айтсақ, дене тәрбиесін 19 бөлімге бөліп, әр бөлімге жеке-жеке тоқтап, анықтама берген. Шынында, адамның дені сау, мықты болып өсуі үшін дене тәрбиесінің ең бірінші орында екені белгілі. «Бала аурулы болса, зағып болса,

Басы 1-бетте

баладан емес, тәрбиешіден», – дейді педагог. Тіпті сол қиын заман түгіл, бүгінгі өмірдің өзінде қай ата-ана тәрбиесіне, туралап айтсақ тәрбиенің барлық түріне көңіл бөле береді. Автордың бұл оқулығын талдай отырып, медицина саласынан да құралақан емес екенін аңғардық. Себебі кішкентай баланың салмағы, дене қызуы, дем алу, тамыр соғу, тамақтануы, тіпті баланы емшектен шығаруды, тазалық жағдайын, бесік мәселесін, тістің шығуын жеке-жеке сипаттап жазады.

Ағартушы екінші бөлімде жалпы педагогика ғылымын талдайды. Педагогиканың қандай пән екенін сипаттай келе, онымен етене таныс болу керектігін айтады. Бір сөзбен айтқанда автор педагогиканың өзін тәрбие пәні деп пайымдайды. Оған дәлел пәннің аты дейді. Жалпы педагогика пәнін – дидактика, методика, мектепті басқару, педагогика тарихы деп беске бөледі.



Автор бұл оқулықта әлемдік педагогиканы арқау етеді.Атап айтсақ, бала тәрбиесінде ұлттық педагогиканың алатын орны ерекше екенін бірнеше мысал келтіре отырып дәлелдейді. Ұлттық тәрбиенің құндылығын көрсете отырып, оның кем-кетіктері мен жаман жағынан аулақ болуды айтады. Ол «Әр тәрбиешінің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі». «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесінің жақсылық жағы көп болғаны сықылды, жамандық жағы да көп», – деп жазады. Осыған орай ол педагогтер, тәрбиешілер халықтық педагогиканы қолдана отырып, түрлі заманда шыққан тәрбие ғалымдарының ойларымен жақсы таныс болу керек дейді. Расында, егеменді елдің басты ұстанымы – өз педагогикасы, ұлттық тәрбиесі, сондай-ақ ұрпағы тәрбиелі, білімді болуы керек. Сондықтан бүгінгі жас буынды келешегіміз үшін елін, жерін, халқын, мәдениетін, тарихын сүйетін ұлтжанды ұрпақ ретінде тәрбиелеуіміз қажет.

Бұл еңбегінде Мағжанның жан-жақты екенін аңғаруға болады. Бір сөзбен айтқанда, ол адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін терең түсінетін психолог. Оны бір ғана мысалмен дәлелдеуге болады. «Педагогика» оқулығында «Бөлеу һәм бесік» бөлімінде автор былай дейді.

– Қазақ қатыны баланы бесікке екі жерден тас қылып байлап тастайды. Бұл балаға зиян. Бұлай ету баланың қан жүруіне, жүрек соғысына зиян. Баланы ұйықтатарда, жылағанда шешесі долданып тарс-тұрс тербетеді. Қарғап, сілейді. Бір кезде бала ұйықтайды. Бұл сау ұйқы емес. Шайқап, шайқап баланың басын айналдыру, баланы есінен тандыру. Тербетіп ұйықтату – талдырып ұйықтату деген сөз. Бала ұйықтап жатқан жоқ. Баланда қасың болмаса, тербетпе. Қазақ әйелі! Бесік баланың орны. Естен тандырып, талдыратын орын емес, – дейді Мағжан Жұмабаев.

Сондай-ақ адам өмірі үшін ұйқының, қозғалыстың, серуеннің мәнінің зор екендігін атап айтады. Оқулықтағы жазбасына қарап, авторды дінді, оның тарихын жақсы білгенін, жақсы-жаман жақтарымен етене таныс болғанын білуге болады. Оған осы бөлімдегі «Жан» туралы пайымдауы дәлел болады. Ол «Жанды ешкім көрмесе де, жанның барлығына дау жоқ», дейді. Әсіресе баланың жанын жақсы тәрбие қылу үшін, жанды көзбен көріп, қолмен ұстамай-ақ оның ісін, көрінісін, жақсы тексеру жетеді. Психология пәні осы үшін қажет екенін баса жазады. Сонымен қатар жан тәрбиесін 11 бөлім бойынша талдап, 11-ші бөлімнің өзін тағы да шағын екі бөлімге бөледі.

Ал соңғы бөлімін «Әсерленуді» «Жалпы сезім яки дене әсерленулері» деп оның өзін бес түрге бөліп, жеке-жеке сипаттайды. Сыртқы сезім әсерленулерін сипаттағанда оны алты бөлікке бөледі. Адам анатомиясының заңына сүйене отырып, осы алты сезімді қарапайым, түсінікті сипаттайды. Жазушы өзінің педагогикасын «Абайға», яғни топшылау сезіміне де ерекше көңіл бөліп, жазады.

Жалпы «Педагогика» кітабындағы үлкен бөлімнің бірі «Суреттеу» деп аталады. Оны да алты түрге бөледі. «Суреттеуді бет алды бір-бірімен байлай беруге болмайды. Оның белгілі жолдары бар дей келіп», оның екі жолын көрсетеді. Олар – жақындық пен тұқымдастық ассоциациясы. Жақындықтың өзін – көршілестік, замандастық деп екіге бөледі. Ал «Балаға берілетін кітап үлкен харіппен басылуы керек. Әсіресе жағрапия оқығанда балаға көршілестік ассоциациясы көп көмек көрсетеді. Картадан бала бір жерді атаса, соның жанындағы екінші жер алдына елестей қалады» деп жазады. Мағжан Жұмабаев сол кез үшін де, бүгін де құнын жоймаған оқытудың принциптеріне ерекше көңіл бөледі. Белгілі бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты салыстырмалы оқытудың берері мол екенін дәлелдейді.

Мәселен, «Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы болсаң, сол нәрсенің қарама-қарсысын алып кел. Ал балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсаң, солтүстіктің суығымен салыстыр» – дейді. Қазіргі кезде де қоршаған ортамен, өмірмен, әртүрлі оқиғалармен байланыстыра оқыту – басты орында. Дегенмен бүгінде мұғалімдер бұл заңдылықты дұрыс орындай бермейді. Себебі мұғалімдер ең бірінші кінәні балаға артады. «Бүгінгі балалар әлеуметтік желіге байланып, милары уланған. Сондықтан сабақ оқымайды» деп шағымданады. Алайда ұстаздың басты шеберлігі оқымайтын баланы оқытып, тыңдамайтын «тәртіпсіз» баланы тыңдата білу ғой. Оқушының өзіне еркіндік беріп, белгілі бір сұраққа жауапты оның өзіне ойландырып, не нәрсеге де көзін жеткізу, міне, оқытудың бүгінгі үлкен тәсілі осы болуға тиісті. Бәріміз де оқушы болдық. Пәнді оқытуда жаңалық болмаса, оқушы үшін қызықсыз болады. Оған оқулықтағы білім аз. Оған қосымша өзі білмейтінін білуге қызығатын білім керек. Әйтпесе ақпараттар ғасырында баланы қызықтыру қиын.

Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім. Еліміздің аз ғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – мұғалімдердікі. Бірге оқысқан, бірге оқытысқан, жылдарымыз бір, жолымыз бір, қазақ мұғалімдері! Қолымнан келген осы еңбегімді сендерге тарту қылам. Ниетімнің тазалығы үшін тартуымды қабыл көріп алыңыздар.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Педагог-ғалымның оқулықта ерекше сипаттаған бөлімі қиял туралы. Қиялдың адамның ақыл-ойының, өмірдің алға басуы үшін маңызы зор екені белгілі. Автор қиялдың пайда болу жолдарына, оның бала өміріне қажеттілігіне, бала фантазиясын тәрбиелеу, оқушы өміріндегі ертегілердің, ойынның, ойыншықтың маңызын жеке-жеке ашып жазады. «Баланың қиялын, фантазиясын тәрбие қылу жолдары» деген бөлімінде ұлттық тәрбиеге, ұлттық педагогикаға аса құрметпен қарайды. Мұнда қазақ баласының қиялына қанат бітіретін ұлттық тәрбие екенін пайымдайды.

– Қазақ қиялы тәрбие көрген жоқ, әлі таза, әлі бала, әлі жылдар, күндер өткен соң қазақ қиялы тәрбие алып, тереңдеп, адамзат дүниесінің көгінде бір жарық жұлдыз болар деген иманымыз кәміл, – дейді М.Жұмабаев. Бүгінде жазушының бұл жазбасы толық орындалмаған сияқты. Жасыратын несі бар, біздің әлі күнге ой-қиялымыз төмен. Себебі біз қанша жыл басқаның ойымен ойландық, соның тілімен сөйледік.

«Педагогикада» баланың өмірі үшін ертегінің маңызы зор екендігі айтылады. «Бала ертегіні жан тәнімен тыңдайды. Ертегіге шын көңілмен сенеді. Бала құрғақ ақылды ұқпайды, жандандарып, суреттеп алып келсең ұғады. Мысалы, балаға өтірік айтпа деген құрғақ сөзің желге айтқанмен бірдей. Егер, сен балаға өтірікші туралы ертегі айтсаң, сол ертегіде өтірікшінің өтірігі үшін қор болғанын, зиян көргенін сезінсе, міне, бала өтірік айтпау керек екендігін сонда ұғады», – дейді жазушы.

Баланың озат болуы үшін оның тәрбиесі толық, ойлау қабілеті жетік болғаны маңызды. Мағжан Жұмабаев оқулықта ойдың пайда болуын зерттеп, түрлі мысалдармен келтіреді. Ойды үш түрлі жолмен қарастырады. Атап айтсақ, дедукция, индукция, аналогия. Міне, осы үш түрлі жолды әрі қарай дамыта отырып, баланың саналы азамат болуы үшін осы ұғымның қажеттілігін дәлелдейді. Сондай-ақ тіл туралы ерекше тоқтап, үлкен сезіммен жазады.

– Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес, ондай ұлт құрылмақ. Ұлтының ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болуы. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті… қазақ тілінде қазақтың дархан даласы, біресе желсіз түнде тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік тілінің келешек тарихында қазақ ұлты қадірлі орын алмақшы. Келешектің осылай болуына иманымыз берік» – деп жазды.

Сонымен қатар автор бала тіліне аса ұқыптылықпен қарауды тапсырды. «Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып балаша шолжаңдап, сақау болып сөйлейтіндері бар. Бұл – зор қате. Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп, – дейді педагог-ғалым.

Мағжан Жұмабаевтың адам жанын түсінетін мықты психолог екенін осы еңбегінен аңғаруға болады. Мұнда «ішкі сезім мен көңіл көріністерін» тереңінен зерттеп жазады. Оның ішінде баланың көңіл-күйіне егжей-тегжейлі тоқтап, оның ішкі сезімінің дұрыс дамуы үшін үлкен тәрбиенің керек екенін айтады. Мәселен, ата-ана қатал болса, бала да қатал, ата-ана жұмсақ болса, бала да жұмсақ. Сондықтан баланың қасындағы адамдар дұрыс мінезді болу қажет.

– Баланы қорқыту, оны жазалау дұрыс емес. Бір нәрсені бала жазадан қорыққаннан ғана істейді, бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді, – деген жазушының пікірін өркениетті елдердің бала тәрбиесіндегі озық ойларымен сабақтас екенін көреміз. Расында, әлі күнге дейін ата-аналар, мұғалімдер балаға зекіп сөйлейді. Жасыратын несі бар, баланың намысына тиетін, өсіретін емес, өшіретін сөздер айтудан толықтай арылған жоқпыз. Бұл мәселені педагог-ғалым өз заманында көтергенімен, өкінішке орай күні бүгінге дейін орындалмай келе жатыр. «Бала нашар істі өзі істемеуіне, нашар мінезден өзі қашуына тырыссын. Ешкім айтпай, қорқытпай, баланың өзі жамандықтан, нашар мінезден жиренетін болсын. Балаға махаббат, жылылық сезім, жұмсақ іс арқылы ғана болуға мүмкін», – дейді педагог.

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...» – деп педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты ұлттық тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Оның тәрбиеге көңіл бөлуі қазақ халқын надандықтан ада ету еді. Сол үшін де алғашқы педагогика саласындағы қазақтың оқулығы осы Мағжанның «Педагогика» кітабы болды. Ғалым қазақ халқының ұлттық болмысы мен сана-сезімге жақын этнопедагогика, психология ұстанымын негізге ала отырып жазған. Бұрынғы заманда ұлттық тәрбиеге адамзат қалай қараған, қандай жолдармен жүрген, тәрбиеде нені ескеру керек. Бұл сауалдарға «Педагогика» кітабы жөн көрсетеді.

P.S. Мағжан Жұмабаевтың бұл кеңестері қазіргі тәрбие беруде де өз маңызын жойған жоқ. Себебі Мағжан ақын айтқан дене, жан, ақыл, сұлулық пен қайрат, мінез-құлық тәрбиесіне көңіл бөлсек, нағыз адамды тәрбиелейтініміз анық. Ендеше, «балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» деген Мағжанның сөзін есте ұстаған абзал.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

МИНИСТР САПАРЫ: Мәселе көп, атқарылған іс те аз емес

Бірінші байлық – денсаулық. Ата-бабамыз бұл сөзді тегін айтпаса керек. Дәл қазіргі уақытта әр адам өз денсаулығына мән берген жөн. Себебі дені сау ұлт қана өміршең мемлекет құра алады. Ал адам капиталының сапасы мен саны оның денсаулығына тікелей байланысты. Соңғы жылдары елімізде денсаулық сақтау саласына қыруар қаржы бөлініп, түрлі медициналық құрал-жабдықтармен жабдықтауда.

Өткен аптада ҚР Президентінің «Орталық атқарушы органдар басшыларының халықпен кездесулерін өткізу туралы» жарлығы бойынша Сыр өңіріне ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният жұмыс сапармен келді. Қызылорда да екі күн болған министр жергілікті тұрғындармен кездесіп, қала, аудан орталығындағы аурухана, ауылдағы амбулатория жұмысымен де танысты.

Минстр ең алдымен бүгінде өңірдегі өзекті мәселенің бірі ана мен бала денсаулығына баса назар аударды. Облыстық перинаталдық орталығына арнайы барып, дәрігерлердің жұмыс барысымен танысты.

– Бүгінгі таңда денсаулық сақтаудың басым бағытының бірі халыққа сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету. Мемлекет басшысының тапсырмасымен өткен жылы «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы қабылданды. Бұл бағдарлама бойынша 4 бағыт іске асуда. Олар сапалы медициналық көмек, эпидемиологиялық болжам мен оған ден қоюды қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыру, отандық өндірістің дәрілік заттары мен медициналық бұйымдары, саламатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыру, бұқаралық спортты дамыту. Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін 8 перзентхана салу, соның ішінде Қызылорда қаласында 1 перзентхана салу жоспарлануда. Қызметтің басым бағыттарының бірі ана мен бала денсаулығын сақтау болып қала береді. 2021 жыл бала туудың ең шырқау шыңы болды, Ел тәуелсіздігінің тарихында 450 мыңнан астам бала, оның ішінде Қызылорда облысында 15,6 мыңға жуық бала дүниеге келгенін атап өткім келеді. ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасы іске қосылды. Енді 2026 жылға дейін экстракорпоралдық ұрықтандыруға жыл сайын 7000 квота бөлу көзделген. Осы бағдарламаның аясында Қызылорда облысында өткен жылы 281 әйел, жыл басынан бері 277 азаматша экстракорпоралдық ұрықтандыруға жолдама алды. Қазіргі кезде жүкті әйелдердің саны 112, ал 119 отбасында сәби дүниеге келді, – деді министр.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІ ЖЕДЕЛ МЕ?

Бүгінде облыс бойынша 77 жедел жәрдем тобы жұмыс атқаруда. Облыстық медициналық жедел жәрдем стансасына 2016 жылдан бастап Call-орталығы мен санитарлық авиация бөлімі кірді. Ал былтыр 103 бірыңғай оперативті орталығы мен 112 бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметі біріктi.

Министр Ажар Ғиният облыстық медициналық жедел-жәрдем стансасында халыққа шұғыл жағдайдағы медициналық көмек сапасын бақылау мақсатында барды. Жалпы 2017 жылдан бастап, облыс, аудан ауруханаларының медициналық жедел жәрдем бөлімшелері бірікті. Қазіргі кезде аудан бөлім меңгерушілері стандартқа сай халыққа толыққанды медициналық көмек көрсетуде. Мәселен, кешігіп орындалған шақырыстар былтырғы жылдың 8 айымен салыстырғанда 2,1%-дан 1,7%-ға азайды.

Дегенмен министр жергілікті халықпен кездескенде Сыр жұртшылығының жедел жәрдем қызметіне көңілі толмайтынын аңғардық. Әсіресе шалғай орналасқан ауылдар мен шет аймақ тұрғындары үшін жедел жәрдемге уақытылы қол жеткізу қиынның-қиыны. Әрине, бәріне бірдей топырақ шашуға аулақпыз. Алайда ара-тұра уақытылы келмей, көп күттіретін кездері де бар екені жасырын емес. Осыған орай денсаулық сақтау министрі елді мекендерге шұғыл медициналық көмектің дер кезінде жетуін қолға алуды тапсырды. Сондай-ақ қазір «жедел жәрдем, оның ішінде медициналық авиация көмегін тиімді пайдалануға арналған №225 бұйрықтың қайта қаралып жатқанын жеткізді.

Бір қуантарлығы, ауылдық денсаулық сақтау саласын жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру мақсатында аймақ бойынша ауылдық жерлерде 27 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын салу жоспарланған. Бұл жоба аясында жалпы 32 көпбейінді аурухана, оның ішінде өңірдегі 4 орталық аудандық аурухана ұйымдастыру көзделген. Ал олардың базасында инсульт және кардиологиялық орталықтар, медициналық оңалту, травматология, хирургия, реанимация және қарқынды терапия бөлімшелері, триаж жүйесі бар қабылдау бөлімшесі ашылмақ.

Айта кету керек, облыста биыл 7 айда жалпы өлім көрсеткіші 10%-ға төмендеп, өткен жылдың осы кезеңінде 5,59-ды құрап отыр. Сондай-ақ онкологиялық және гематологиялық ауруларға күдік болған кезде тексеруді және емдеуді жеделдету үшін «Жасыл жол» қағидаты енгізілді, оның шеңберінде онкологиялық ауруға күдікті науқастарға 18 жұмыс күні ішінде (зертханалық зерттеулер, УДЗ, рентген, ЭКГ, КТ, МРТ, сондай-ақ эндоскопия) кеңес беріліп, жан-жақты тексеріледі.

КАДР ТҰРАҚТАСА, ТАПШЫЛЫҚ АЗАЯДЫ

Кадр мәселесі – денсаулық сақтау саласының жанды жері. Министрдің айтуынша, бүгінде денсаулық сақтау саласында дәрігермен қамтамасыз етілу 78 мың штат бірлігін, ал Қызылорда облысында 2,8 мың штат бірлігін құрайды. Өңірде дәрігер кадрлардың тапшылығы 177 штат бірлігін құрайды.

Осы жылы еліміздің өңірлеріне медициналық жоғары оқу орындарының 2692 түлегі, оның ішінде Қызылорда облысына 104 түлек бөлінді. Елімізде ауылға жұмысқа келген жас мамандарға әлеуметтік қолдау шаралары көзделген. Өткен жылы 282 маман көтерме жәрдемақы, 222 дәрігер тұрғын үй алды. Ал 92 маман басқа да әлеуметтік қолдау шараларымен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар біздің аймаққа келген 25 маман көтерме жәрдемақы алып, 1 маман тұрғын үймен қамтылды. Ал 1 маманға басқа да әлеуметтік қолдау шарасы көрсетілді. Минстрдің айтуынша, 2025 жылға қарай республикалық бюджет есебінен гранттар саны 2000-ға дейін және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 1500-ге дейін ұлғаймақ.

Кадр тұрақтаса, тапшылық азаятыны анық. Сондықтан министрлік тарапынан аудандар мен шалғай ауылдарға барған жас мамандарға барлық жағдай жасалмақ. Мәселен, 2023 жылға қарай дәрігердің жалақысын 2 есе көтеру көзделуде.

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?

Бұл сауалдың жауабы минстрді қатты алаңдататынын байқадық. Себебі Сыр өңіріне келген екі күндік сапарының бір күнін ауыл медицинасына арнады. Бұл жолы Ажар Ғиниятқызы Шиелі ауданаралық ауруханасы мен Досбол би ауылдық округінің дәрігерлік амбулаториясына барып, ондағы жағдаймен танысты.

Бүгінде Досбол би ауылдық амбулаториясында 6 медицина қызметкері, оның ішінде 2 жалпы тәжірибелік дәрігер медициналық көмек көрсетеді. Кездесу барысында «Мемлекет басшысы бекіткен ұлттық жоба аясында Досбол би ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория салынады», – деді министр.

Одан кейін Шиелі ауданындағы 78 мың тұрғынға медициналық көмек көрсететін ауданаралық аурухана базасында денсаулық сақтау саласы өкілдерімен кездесіп, аурухана жұмысымен танысты. Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде Шиелі аудандық ауруханасы КТ, МРТ, ангиографпен және басқа да жабдықтармен жабдықталып, инсульт орталығы, травматология, кардиология бөлімшесі ашылады.

P.S. Денсаулық саласында мәселе көп. Атқарылған іс те аз емес. Денсаулық сақтау министрі халықпен кездесті. Тіпті қызылордалықтарды жеке қабылдап, уәждерін тыңдады. Министрмен кездесуге келген жұртшылық мүмкіндігі шектеулі азаматтардың медициналық көмекке қолжетімділігі, жедел жәрдемнің жету уақыты, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық кадрларды даярлау туралы көптеген сұрақтарын қойып, оған тұщымды жауап алды. Өңірлік коммуникациялар орталығында министр Ажар Ғиниятқызы жергілікті БАҚ өкілдеріне брифинг берді. Министрге журналистер де халық арасында жүрген көкейтесті мәселелерді көтеріп, МӘМС-тің алдағы жай-күйін сұрады.

Осы кезге дейін 9 өңірді аралаған министр, Қызылорда облысының денсаулық сақтау саласын жай-күйге жоғары деңгейде бағалағанын айта кетейік.

Тұмаудан сақтанайық!

Басы 1-бетте

2021-2022 жылдардағы эпидмаусымында облыс көлемінде зертханалық жолмен нақтыланған тұмау ауруының 9 жағдайы тіркелді. Ауруға шалдыққандардың барлығынан тұмау вирусының А түрі (A(H3N2) анықталды.

Одан бөлек, жедел респираторлы вирусты инфекциясының ауыр ағымдағы 2143 науқастан алынған сынамалар ПЦР әдісімен тексеріліп, нәтижесінде 33 сынамада тұмау емес вирустар анықталды. Басым көпшілігі немесе 57,5% – аденовирус, 24,2% – риновирус, 3% – парагрипп, 12,1% – РСВ және 3 % метапневмо вирус.

Тұмаудың эпидахуалын тұрақтандыру және ауру деңгейін төмендету мақсатында жыл сайын жергілікті бюджеттен тұмауға қарсы вакцина сатып алынады. Биыл 85000 доза вакцина қоймаға жеткізілді. Тұмауға қарсы иммундауға Ресей елінде өндірілген «Гриппол плюс» вакцинасы қолданылады. Препараттың құрамына қосылған «Полиоксидоний» иммуномодуляторының арқасында иммунофармакологиялық әсері күшейе түскен. Иммундық статустың түзілуі арқасында ағзаның басқа жұқпаларға төзімділігін арттыруға мүмкіндік береді

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №612 қаулысымен бекітілген медициналық көмектің кепілдік көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екпелерді жүргізу қағидаларына сәйкес жыл сайын тұмауға қарсы вакцинациялау тиісті контингенттерге тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханаларда тегін жүргізіледі. Олар медицина қызметкерлері, медициналық ұйымда диспансерлік есепте тұрған балалар және балалар үйлерінің, сәбилер үйлерінің балалары, қарттар үйінің контингенті. Сондай-ақ эпидемиологиялық көрсетімдері бойынша жүргізіледі. Одан бөлек, аталған контингентте қамтылмаған адамдар екпені ақылы түрде Interteach клиникасынан салдыруына болады. ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2022 жылғы 19 қыркүйектегі №30 Қаулысына сәйкес тұмауға қарсы вакцинация 3 қазаннан бастап жүргізіледі.

Тұмау асқынса қауіпті. Ең жиі кездесетін тұмау ауруының асқынуы – пневмония. Өлім жағдайларының 7-42% осы дерттің үлесінде. Басқа да жиі кездесетін асқынулар – бронхит, синусит, отит, миозит, миокардит.

Тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, созылмалы ауруы бар науқастар және қарттар арасында ауыр ағымда өтеді. Сондықтан респираторлық аурулардың бірінші белгілері пайда болған кезде өзін-өзі емдеумен айналыспай, тез арада аймақтық дәрігергерді үйге шақыртып, дер кезінде ем алу қажет.

Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті ЖРВИ және тұмаудан сақтану үшін вакцина алуға, сонымен қатар иммунитетті көтеру үшін салауатты өмір салтын сақтануға, жеке бас гигиенасын сақтауға кеңес береді.

Бетті дайындаған
Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:
«Сыр медиа»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3737 **Тапсырыс №1650**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Ақмарал ОЛЖАБАЕВА